

СЕГОДНЯ КАЗАХСТАН УКРЕПЛЯЕТ СТАТУС ВЕДУЩЕГО ТРАНЗИТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОГО УЗЛА РЕГИОНА, РЕАЛИЗУЯ МАСШТАБНЫЕ ИНФРАСТРУКТУРНЫЕ И ИНВЕСТИЦИОННЫЕ ПРОЕКТЫ. ВСЕ ЭТО СПОСОБСТВУЕТ РОСТУ ЭКОНОМИКИ, РАЗВИТИЮ МЕЖДУНАРОДНЫХ СВЯЗЕЙ И УКРЕПЛЕНИЮ РОЛИ НАШЕЙ СТРАНЫ КАК КЛЮЧЕВОГО ЗВЕНА ЕВРАЗИЙСКОГО ТРАНЗИТА.

Талгат ЛАСТАЕВ,
вице-министр транспорта РК



№90-91 (3129-3130)
31/10/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ТАБЫСТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖЕМІСІ

Астана іргесіндегі Локомотив құрастыру зауыты Америкадан келген мәртебелі меймандарды қарсы алды. АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия мәселелері жөніндегі арнайы өкілі Серджио Гор мен АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Кристофер Ландау Локомотив құрастыру зауытына барып, өндірістік қуатымен танысты.

Америка үкіметінің өкілдері кәсіпорынның техникалық жабдықталуына баға берді және 2024 жылы ашылған Wabtec инженерлік орталығының жұмысын зерделеді.

Жалпы, «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ өз жұмысын 2009 жылы бастаған және салыстырмалы түрде аз ғана уақыт ішінде қазақстандық машина жасау саласында жетекші орынға шықты.

Зауыт іске қосылған кезден бастап күні бүгінге дейін 675 бірлік локомотив шығарылып, оның 42-сі ТМД елдеріне және жақын шет елдерге жөнелтілген.

«Evolution» сериялы ТЭЗ3А бірсекциялы магистральдық жүк тепловозы зауыттың негізгі



өнімі болып саналады, сонымен қатар кәсіпорын осы сериядағы ТЭМ11А маневрлік, ТЭП33А жолаушылар тепловозын да шығарып үлгерді. Қазақстанда жасалған локомотивтер Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзірбайжан, Өзбекстан, Украина, Молдова, Моңғолия елдеріне экспортталған. Латвияға да бір локомотив жөнелтілген. Кәсіпорын шығаратын локомотивтер энергетикалық тиімділіктің, қуаттың және сенімділіктің

жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Кабина ішінде машинистер үшін ыңғайлы жағдайлар жасалған: ауа баптағыш, тоңазытқыш, микро-толқынды пеш және биодәретхана, т.б. бар.

Тараптар Wabtec компаниясының Қазақстанмен 25 жылдан астам табысты ынтымақтастығын атап өтті.

Бекзат МҰҚАШЕВ, Астана
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

МАСШТАБНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ



В Казахстане продолжается масштабная модернизация транспортной инфраструктуры. С начала года транзитные перевозки выросли до 25,8 миллиона тонн, а железнодорожные – до 339 миллионов тонн. Введена в эксплуатацию вторая линия Достык – Мойынты, начато строительство линии Кызылжар – Мойынты, модернизируются вокзалы и активно обновляется подвижной состав.

По сообщению Министерства транспорта РК по итогам девяти месяцев текущего года железнодорожным транспортом перевезено 339,4 миллиона тонн грузов – на 10,5% больше, чем за аналогичный период прошлого года. До 2029 года планируется обновить 11 тысяч километров железнодорожных линий, из которых уже модернизировано более 2,8 тысячи километров.

Значительно выросли и показатели морского транспорта: перевезено шесть миллионов тонн грузов, контейнерные перевозки через казахстанские порты увеличились на треть и достигли 67,2 тысячи ДФЭ. В июне в порту Актау введен в эксплуатацию первый пусковой комплекс контейнерного хаба, который к концу года позволит увеличить пропускную способность до 240 тысяч ДФЭ.

Среди ключевых событий 2025 года – запуск второй линии железной дороги Достык – Мойынты (836 км), строительство линии Кызылжар – Мойынты (323 км), контракты на 775 локомотивов и 2,7 тысячи платформ, а также модернизация 124 вокзалов по всей стране. В морском секторе – запуск нового сухогруза на линии Курык – Баку и подготовка к вводу двух паромов.

Кроме того, Казахстан впервые получил право на осуществление транзитных автоперевозок вглубь территории Китая, что стало результатом ратификации межправительственного соглашения между двумя странами.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

ӨНДІРІС КӨЛЕМІН АРТТЫРУДА



ҚТЖ-ның конструкторлық-эксперименттік орталығы жыл сайын өндіріс көлемін 10-15% арттырып отыр. Теміржолдың негізгі салаларын – жол дистанциясын, рельсті дәнекерлеу кәсіпорындарын, дабыл, байланыс және электрмен жабдықтау қызметтерін жабдықтармен қамтамасыз ететін орталықтың өзектілігі арта түсуде.

Конструкторлық-эксперименттік орталық 40 жылдан астам уақыт бұрын Ақмола жол бөлімшесінің жет-эксперименттік шеберханасы ретінде құрылған. КЭО ретінде 1998 жылы қайта құрылып, жұмысын жалғастырып келеді. Орталық бастапқыда ТЭД-30 және ТЭД-40 домкраттарын жөндеумен айналысып, уақыт өте келе өндірілетін өнімнің номенклатурасы мен күрделілігін едәуір кеңейтті.

Орталықта еңбек ететін 62 адамның 50-і – өндірістік етіпін. Ауданы 1 864 шаршы метр өндірістік базаға темір ұстасы, токарь, механикалық құрастыру, ағаш өңдеу, электр цехы және басқа жеті цех орналасқан. Онда 48 металл өңдеу және металл кесу станоктары орнатылған. Бүгінде КЭО жол машиналарына, рельстік платформаларға, хоппер-диспенсер механизмдеріне және қар тазалау техникасына арналған жабдықтарды өндіруге және жөндеуге бейімделген.

Сондай-ақ кәсіпорын шағын механикаландыруды – домкраттарды, үдеткіштерді, шекімеушілерді, порталдық крандарды да жөндейді. Орталық жол құралдарын, типтік емес техникалық құралдарды, жабдықтар мен қосалқы жабдықтарды дайындауға тапсырыстарды орындайды, жаңа құрылғыларды монтаждау мен сынау кезінде техникалық қолдау көрсетеді.

Нұрбек БЕКЕН

Технологии

В ҚТЖ ИЗУЧАЮТ ВОЗМОЖНОСТИ ИИ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжается работа по внедрению современных цифровых решений. Одним из важных этапов этого направления стал специализированный семинар, посвященный вопросам применения технологий искусственного интеллекта и больших языковых моделей.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

Мероприятие прошло в инновационном зале компании с участием председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Талгата Алдыбергенова, его заместителей, руководителей филиалов, дочерних предприятий и структурных подразделений.

Выступая перед участника-

ми, спикеры подчеркнули, что развитие цифровых технологий является неотъемлемой частью стратегического курса ҚТЖ. Использование искусственного интеллекта открывает новые возможности для повышения производительности, оптимизации логистики и обеспечения безопасности перевозочного процесса.

С основным докладом выступил доктор наук Стэн-

фордского университета, эксперт в области искусственного интеллекта и глобальных образовательных технологий Юнес Бенсуда Мурри. Он представил участникам актуальные разработки и инструменты, которые уже применяются в ведущих транспортных компаниях мира.

Юнес Мурри также является преподавателем международной образовательной платформ Coursera, где обучил свыше 1,2

миллиона студентов по направлениям машинного обучения и нейросетевых технологий, а также руководителем компании LiveTech.AI, специализирующейся на разработке решений на основе ИИ.

В ходе семинара обсуждались перспективы использования искусственного интеллекта в сфере транспортной логистики, прогнозирования технического состояния подвижного состава, сокращения задержек движения и совершенствования систем обслуживания клиентов.

Проведение подобных встреч способствует обмену опытом, расширяет кругозор специалистов и помогает формировать инновационное мышление, необходимое для реализации стратегических задач компании.

Фото Александра ЖАБЧУКА

«ҰЛТТЫҚ ДИКТАНТ» ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУДА



ҚТЖ қызметкерлері республикалық деңгейде өтіп жатқан «Ұлттық диктант» іс-шарасына белсенді атсалысуда. Жоба компанияның Орталық аппаратында бастау алып, оған 400-ден астам теміржол қызметкерлері қатысты. Теміржолшылар қазақ тілінде диктант жазып, білімі мен сауаттылығын сарапқа салды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

«Ұлттық диктант» іс-шарасын Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі мен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы бірлесе өткізуде. Жоба быыл 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні қарсаңында бастау алған болатын. Оның мақсаты – жазу мәдениетін жетілдіру, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру және тіл арқылы ұлттық бірегейлікті нығайту. Диктант офлайн және онлайн форматта өткізіліп, оған барлық азаматтар қатысуда. Онлайн диктантты www.til.kz сайтындағы арнайы парақшада кез келген уақытта орындауға мүмкіндік бар. Қатысушыларға электронды алғыс хатпен қатар



ҚТЖ платформасына тегін жазылуға мүмкіндік беріледі. Жоба нәтижелері жыл соңына дейін жарияланады. «Ұлттық диктант» дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілмек.

– Мемлекеттік тіліміздің дамуы үшін маңызды осындай жобаны, республикалық мәдени-ағартушылық іс-шараны ҚТЖ компаниясының қолдап,

оған бір адамдай жұмыла қатысып жатқанына қатты риза болып тұрмыз. Бұл сіздердің мемлекеттік тілге деген құрметіңізді көрсетеді. Хат жазып, ұсыныс білдіргенде сіздердің тарапыңыздан бірден қолдау тапты, сауатты жазу – тілге деген құрметтің ғана емес, әрбір адамның мәдениетінің белгісі, – деді ҚР Ғылым және

жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің басқарма басшысы Талғат Жакенов.

Диктантта А. Байтұрсыновтың «Қазақ» газетінде жазылған «Оқу жайы» атты мақаласы оқылды. Қатысушылардан тек жасы мен жынысы, қызметін ғана көрсету сұралды. Аты-жөнін жазу міндеттелмеді. Диктантты жазып болған соң, оның дұрыс жазылған нұсқасы экранға шығарылып, қатысушылар қатемен өздері жұмыс істеді. Жалпы жоба соңында диктант жазу шамасына талдау жүргізіліп, халықтың сауатты жазу деңгейіне баға беріледі. ҚТЖ бойынша 8-9 қалада 3000-нан астам теміржолшы осы диктант жазуға қатысатын болады.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ҚҰЗГІ КОМИССИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖАРИЯЛАНЫП, ЕКІ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ БОЙЫНША АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР ТОЛЫҚ САРАЛАНДЫ. ТЕКСЕРУ БАРЫСЫНДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМНЫҢ, ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ОБЪЕКТТЕРДІҢ, ҚЫЗМЕТТІК ӨТКЕЛДЕР МЕН ПЕРРОНДАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚЫСҚЫ АРНАЙЫ КИІММЕН, ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ, ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ БАҒАЛАУҒА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРҒЫЛДЫ. АНЫҚТАЛҒАН АҚАУЛАР БОЙЫНША ЖОҒА МОНИТОРИНГІ ЖАСАЛДЫ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ДО 2035 ГОДА В РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ИНВЕСТИРУЮТ

52 млрд

ДОЛЛ.РОВ.

570 тысяч

ТОНН КОММУНАЛЬНО-БЫТОВОГО УГЛЯ НАКОПЛЕНО НА СКЛАДАХ ПО ИТОГАМ МОНИТОРИНГА, ПРОВЕДЕННОГО ГРУППАМИ ҚТЖ.

ЗА 9 МЕСЯЦЕВ 2025 ГОДА ПО АКМОЛИНСКОМУ ОТДЕЛЕНИЮ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК ПОГРУЖЕНО

7,2 млн тонн

ГРУЗОВ.

ВАГОНДАР ЖИНАЛЫП ҚАЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Астана



МӘСЕЛЕ

Қазақстанның үш мыңға жуық вагоны Қытайға кіреберісте жиналып қалды. Биылғы қазан айында ҚХР тарапынан пойыздарды қабылдау Алтынкөл мемлекетаралық түйіспесінде тәулігіне 14-тен 10 пойызға дейін, ал кейбір күндері 6 пойызға дейін төмендеген.



Бұған себеп, ҚХР-дың құзырлы органдары астық жүктеріне егжей-тегжейлі бақылау жүргізуде екен. Оның ішінде Үрімші және Бейжің қалаларында лабораториялық талдау мен таңдаулар жүргізілуде. Тексеру жұмыстары 5 күннен 10 тәулік арасын құрамақ. Ал бұл қалыптасқан жағдай қазақстандық тараптың инфрақұрылымдық пайдалану жағдайына әсерін тигізіп, Қытайға бағытталған экспорттық және транзиттік жүк тиелген 3 мыңға жуық вагонның жиналып қалуына әкелген. Бұл көрсеткіш көрші елге өткізуді күтіп тұрған жылжымалы құрамның нормативтік санынан асып түскен.

Атап өтерлігі, бұл құрамдарды қабылдау бұрын қытай тарапымен толық келісіліпті. Бірақ осындай жағдайлардың орын алуына байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ инфрақұрылымның тұрақты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін контейнерлік пойыздарға тиелген жекелеген экспорттық астық жүктеріне – тәулігіне үш құрамнан аспайтын етіп қабылдауға уақытша технологиялық шектеулер енгізуге мәжбүр болып отыр. Сала мамандары бұл қабылданған шара уақытша және мәжбүрлі сипатта екенін және жөнелтімдерді ҚТЖ жауапкершілік аймағынан тыс қабылдаушы инфрақұрылымның нақты дайындығымен үндестіруге бағытталғанын айтып отыр. Жалпы Қазақстанның теміржол желісі штаттық режимде жұмыс істеп, жүктердің расталған көлемін тасымалдауға толық дайын.

ОҚЫС ОҚИҒАЛАР САЛДАРЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ҚАУІПСІЗДІК

Биылғы жылдың он айында Ақтөбе телімінде 3 оқыс оқиға тіркеліп, бір адам мерт болды. Қараусыз малдың жолға шығуына байланысты жылжымалы құрам 27 рет шұғыл тоқтатылған.



Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Ақтөбе телімі бойынша бас ревизоры Еркінбек Елғонды 10 айдың жұмысын қорытындылап, осындай фактілерді жария етті. Теміржол көлігінің тұрақты әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін түрлі тәуекелдер мен сыртқы факторларды талдаудың маңыздылығы айтылды. Қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін негізгі қауіп-қатерлер аталды. Олардың қатарында: темір жол маңында қараусыз жүрген мал; азаматтардың рұқсат етілмеген жерден өтуі; көлік жүргізушілерінің теміржол өткелдеріндегі ережені бұзуы; ауа райының күрт өзгеруі; бөгде адамдардың жол бойына бөтен заттар қоюы; теміржол элементтерін ұрлау және өрт жағдайлары бар. Мұндай оқиғалардың ең ауыр салдары – адам өлімі мен жарақат алу.

«Қарапайым ережені сақтау үлкен қауіптің алдын алады. Теміржолшылар халықты ақпараттандыру, түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізеді. Бірақ тұрғындардың қабылдауы әртүрлі. Оқыс оқиғалар салдарынан қайғылы жағдайлар тіркелуде», – деді Еркінбек Елғонды.

Теміржолшылар үшін қараусыз малдың теміржолға шығуы – басты қауіптердің бірі. Жыл басынан бері қараусыз малдың жолға шығуына байланысты 27 шұғыл тежеу тіркелген. Оның ішінде 24 жағдайда малмен соқтығысу орын алған, оның 19-ы жолаушылар пойыздарымен болған. Мұндай соқтығыстар теміржол техникасына зиян келтірумен қатар, адам өміріне де қауіп төндіреді. Бұл мәселені азайту үшін Ақтөбе телімінің 20-100 км аралығында теміржол бойына қатты қоршаулар орнатады. Биылғы он айда 7000-нан астам тұрғын мал айдау және бағу ережелерімен таныстырылған.

Суретті түсірген автор

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ ТАРИФ САЯСАТЫ



ҚОҒАМДЫҚ
ТЫҢДАУ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жиынға ҚТЖ және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу бойынша комитетінің өкілдері, тұтынушылар және басқа құзырлы тұлғалар қатысты. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тариф саясаты департаментінің директоры Диас Түсіпбеков аталған өтінім аясында қарастырылатын қызмет түрлері туралы мәлімдеді. Сонымен қатар теміржол инфрақұрылымының техникалық сипаттамасына және 2021-2025 жылдары атқарылған жұмыстар нәтижесіне тоқталды.

– Көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру мақсатында компания 2023-2029 жылдарға арналған теміржол желісі нысандарын дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда. Ол бағдарлама ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру есебімен өткізу қабілетін арттыруға, желідегі «тар орындарды» жоюға, жұмысшылардың еңбегін қорғау және пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, – деген Д.Түсіпбеков жанадан салынған және қазіргі таңда құрылысы жүріп жатқан темір жолдар туралы ақпарат берді.

2021-2025 жылдары ҚТЖ-да 4365 км жол жөнделіп, 6 көпірге күрделі жөндеу жүргізілген, 3189 бағыттама бұрмасының жиянтығы ауыстырылған. Ірілі-ұсақты 5 мыңға жуық техникалар алынған. 4 стан-

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2026-2030 жылдарға арналған магистральдық теміржол желілері мен кіреберіс жолдар бойынша реттелетін қызметтерге тариф сметасы мен тарифін бекіту туралы өтінімді қарау жөнінде қоғамдық тыңдау өтті.



цияда өткізу қабілетін арттыру бойынша жұмыстар аяқталған. 18 станцияда 30 жол қалпына келтірілген. Спикердің айтуынша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша жүк айналымының 72 пайызы өзіндік құннан төмен бағаға тасымалданады. Жалпы Қазақстанда теміржол тасымалының тарифі ең төмен. Ол сондай-ақ 2026-2030 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламалар жобасы туралы да баяндады.

Ал ҚТЖ Магистральдық желі дирекциясы экономика жөніндегі атқарушы директоры Ерлан Қизатов кіреберіс жолдар тарифі туралы ақпараттар берді. Оның айтуынша, қазіргі таңда жылжымалы құрам үшін кіреберіс жолдар қызметін ұсыну тарифі биыл 211,74 теңге вагон-км-ді құрайды. Ал кіреберіс жолдарда маневрлік жұмыстар, түсіріп, тиеу, басқа да тасымал процестері операцияларына тариф 70,67 теңге/вагон-сағатты құрайды.

– Компания филиалдарының балансында 53 станцияда 166 кіреберіс жол бар. 2026-2030

жылдары инвестициялық бағдарламалар жобасы аясында осы жолдардың ішінде 4,713 км жолға күшейтілген орташа жөндеу жүргізіледі. Компания жұмыс тиімділігін арттыру және кіреберіс жолдардың тозу деңгейін азайтуға арналған инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыруды жалғастырады. Қаржы сондай-ақ қолданыстағы кіреберіс жолдардың техникалық жағдайын қамтамасыз ететін ағымдағы пайдалану шығындарына да бағыталады. Сонымен қатар тұтынушыларға сапалы әрі дер кезінде қызмет көрсету жұмыстары жалғасын табады. Осылайша ұсынылатын іс-шаралар арқылы ұзақмерзімді перспективада кіреберіс жолдар жұмысының тұрақтылығы, қауіпсіздігі, сенімділігі қамтамасыз етіледі, – деді Е.Қизатов.

Жиынға онлайн қатысқан жеке жүк жөнелтуші компаниялардың өкілдері тақырып аясында өздерін толғандырған мәселелер бойынша сұрақтарын қойды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – «АЯГӨЗ-2» СТАНЦИЯСЫ

Мемлекет басшысының Қазақстанның көлік-логистика саласын жаңғырту бойынша берілген тапсырмасынан соң еліміздің көлік саласындағы ең ірі инфрақұрылымдық жобалардың бірі – Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты «Бақты-Аягөз» теміржол телімінің құрылысы күрт қарқын алды.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Айта кетерлігі, осыған дейінгі әзірленген жобаға шамалы өзгерістер енгізілген болатын. Мәселен, бастапқы жоспар бойынша жаңа желі бойына 11 станция салу көзделсе, соңғы бекітілген жоба бойынша 12 станция бой көтермек. Сонымен қатар бұрынғы сызбанұсқадағы желі ұзындығы 272 шақырым болса, жаңа жоба бойынша телім бойы 297 шақырым болмақ. Осы тәрізді бірқатар ерекшеліктерді ескерген мердігер мекеме қазіргі таңда тың күшпен жұмыс жүргізуде. Бүгінде шойын жолдың табаны тегістеліп, пойыз өтетін аумақ бойынша тау қопару сынды жұмыстар жүріп жатыр. Техникалық талаптарға сай мұндай жұмыстар өңірде қар түсіп, жер қатып, аяз күшейген шақ – қарашаның соңы мен желтоқсан айының басына дейін жүргізілмек. Одан соң дәл осындай жұмыс Бақты жақтан бастап Аягөз бағытына қарай атқарылатын болады. Оған Мақаншы өңірінің жайлы қысы, қоңыржай климаты молынан мүмкіндік береді.

Жаңа теміржол желісінің құрылысы өткен тамыз айында басталған еді. Негізгі жұмыстар бүгінде Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты Аягөз ауданы аумағында жүріп жатыр. Құрылыстың негізгі бөлігіне қазақстандық компаниялар жауапты. Қазірдің өзінде



200-ге жуық жергілікті тұрғын жұмысқа тартылған.

– Әзірге ауа райы қолайлы болып тұр. Аягөз аймағында аяз түскенге дейін барлық мүмкіндікті пайдаланып кідіріссіз жұмыс жүргіземіз. Алдағы уақытта осыдан 10 есе көп техника кіретін болады. 297 шақырым болатын Бақтыға дейін ауқымды жұмыс бар, – дейді телім бойынғы техникалық қадағалау маманы Серікқазы Рақжанов.

Жалпы, телім үшін жер қыртысын әзірлеу қысқы мезгілде де тоқтамайды. Өйткені көктем шығып, күн жылынып, техникалық талаптарға сай жердің тоңы жібіген соң бірден рельстер төселе бастамақ. Жоспар бойынша жаңа теміржол телімі 2027 жылы толық аяқталып, пайдалануға берілуі тиіс.

– Қыс бойы теміржол шпалдарының 30 процентін тоқып үлгерміз. Көктем шыға салысымен темір жолды төсей бастаймыз. Биылғы 2025 жылға жоспарымыз – «Аягөз-2» жаңа станциясына дейін жету. Ол жерде жаңадан толыққанды станция салып, дамытатын боламыз, – дейді мердігер компания жетекшісі Қайрат Ақпаров.

Айта кетері, теміржол төсеу кезінде отандық рельстер мен шпалдар қолданылады. Телім пайдалануға берілген соң 1200-ден аса тұрақты жұмыс орны ашылмақ.

Жоба бойынша 297 шақырымдық жаңа желі бойында барлығы 12 станция, 47 көпір мен ондаған жол өткелдері салынады. Бұл бағыт іске қосылған соң, жыл сайынғы жүк айналымы 20 миллион тоннаға артатын болады.

Маңызды магистраль бірінші кезекте жаңадан құрылған Абай облысының экономикасына айтарлықтай серпін береді. Жаңа жұмыс орындарын құрудан бөлек, болашақта экспорттық және транзиттік тасымал көлемі де айтарлықтай ұлғаяды. Қытаймен арадағы жүк тасымалының жеңілдетіп, шекаралық бекеттердегі жүк кептелісі азаймақ.

Жалпы, «Бақты-Аягөз» бағыты арқылы болашақта логистика саласында тың мүмкіндіктер ашылады дейді мамандар. Бұл Қазақстан экономикасын нығайтып, экспортты жандандыратын стратегиялық үлкен қадам екендігі анық.

Суретті түсірген автор

ӨНДІРІСТЕГІ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ



ДӘРІС

Ардақ УСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жуырда орталықта біліктілігін арттыру курсынан өтіп жатқан машинист-нұсқаушылар үшін Жамбыл локомотив пайдалану және «Қамқор локомотив» ЖШС деполарында практикалық дәріс өтті. Оқу орталығы кәсіподақ ұйымының төрайымы Гүлжан Ақназарованың ұйымдастыруымен өткен дәрісте тыңдаушылар тараздық әріптестерімен тәжірибе алмасып, депо жұмысымен танысты.

Орталықта тыңдаушыларға теориялық білім берумен қатар, практикалық дағдыларын жетілдіруге тәжірибе аландары мен лабораториясын қатар ұсы-



нуға мүмкіндік мол. Әйтсе де, өндірістегі жұмыс барысымен танысудың жөні бөлек.

– «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай арнайы ұйымдастырылған экскурсиялық сабақты «Қамқор» локомотив депосы сапаны бақылау бөлімінің бастығы Нұрболат Нұрсейітов пен Еңбек

қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жетекші инженері Ирина Куцева жүргізді. Машинист-инструкторлар тобының кураторы Әбдікәрім Бейсембаев локомотивтерді жөндеу процесінде қай цехта қандай жұмыстар жүргізілетінін түсіндіріп отырды, – дейді Гүлжан Ақназарова.

Оқу орталығының оқытушы-кураторына деподағы жұмыс барысы жақсы таныс. Әбдікәрім Түзелбайұлы біраз жыл машинист болып еңбек етіп, кейін 17 жыл «Қамқор» локомотив депосында қабылдаушы қызметін атқарған.

– Қабылдаушы болып жұмыс істеген кезімде жөндеуден өткен локомотивтердің әр деталін жіті қарап, тексеріп барып жолға шығаратынбыз. Сондықтан деподағы жұмыс процесін жақсы білемін. Мұндағы әріптестеріммен байланыссыз үзілген жоқ, – дейді Әбдікәрім Бейсембаев.

Экскурсиялық сабақ бір сағаттан аса уақытқа созылды. Уақыт түске таяп қалғанына қарамастан, жөндеу цехтарындағы процес бір сәтке де баяулаған жоқ. Әр маман, әр жұмысшы өз істерін жауапкершілікпен, тиянақты атқарып жатты. Уақытпен санаспайтын теміржолшылар түскі уәзілісті де ұмытқандай. Басқа өңірлерден келген тыңдаушылар мамандармен тәжірибе алмасып, ой бөлісті.

Суретті түсірген автор

ПЛОЩАДКА ДЛЯ ИНИЦИАТИВ



Расширение транспортно-логистических возможностей и укрепление торгово-экономических связей обсудили на V Тбилисском форуме «Шелковый путь» в Грузии.

Мероприятие собрало в Тбилиси около 2 000 делегатов из более чем 60 стран. Среди них – премьер-министры и вице-премьеры стран региона, отраслевые министры, эксперты, представители международных организаций – ООН, Всемирного банка, Азиатского банка развития, Организации Черноморского экономического сотрудничества (BSEC) и другие.

Участниками форума стали также министр транспорта Нурлан Сауранбаев, сотрудники отраслевого министерства и топ-менеджеры АО «НК «КТЖ».

– За десять лет Tbilisi Silk Road Forum стал связующим звеном между политикой и бизнесом. Здесь зародился целый ряд инициатив, которые воплотились в реальные проекты. Наглядным примером тому служит достигнутое на предыдущем форуме соглашение о создании совместной



железнодорожной компании Грузии, Азербайджаном и Казахстаном, – отметил в приветственном слове премьер-министр Грузии Ираклий Кобахидзе.

В этом году форум посвящен будущему мировой торговли, потенциалу Среднего коридора, энергетической интеграции и цифровой трансформации.

Выступая на сессии «Средний

коридор: от надежности к влиянию», министр транспорта Нурлан Сауранбаев отметил, что Казахстан в ближайшее время приступит к подготовке Межправительственного соглашения по ТМТМ, которое закрепит единые подходы к тарифам, срокам и стандартам сервиса.

– Особое внимание уделяется повышению эффективности

морских перевозок по Каспию. Планируется внедрение новой паромной системы с большей грузоподъемностью, что позволит сократить время обработки грузов в портах. Это обеспечит сквозную и бесперевальную доставку грузов до портов, – подчеркнул глава ведомства.

За последние годы активно реализуются инфраструктурные проекты, направленные на развитие транзитного потенциала страны. Объем транзитных перевозок в этом году может достигнуть 33 миллионов тонн, а в 2026-м – 54 миллионов. К 2029 году этот показатель планируется довести до 67 миллионов тонн.

В рамках визита Нурлан Сауранбаев встретился с министром экономики и устойчивого развития Грузии. Стороны обсудили перспективы углубления экономического сотрудничества. Особое внимание уделялось развитию транспортных и логистических направлений, расширению взаимодействия в морском сообщении и авиации, а также укреплению торгово-экономических связей между двумя странами. Министры отметили важность усиления сотрудничества в сфере цифровизации транспортных процессов.

Любов РОВБА



ОТ ЗНАНИЙ К НАДЕЖНОСТИ



Компания Wabtec провела технический семинар, посвященный конструкционным изменениям и мероприятиям по улучшению технического состояния магистральных тепловозов серий ТЭЗ3А, ТЭЗ3АС и ТЭПЗ3А.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В мероприятии приняли участие специалисты, задействованные в эксплуатации подвижного состава, – представители локомотивных депо, приемщики локомотивов и машинисты-инструкторы.

С приветственным словом к участникам обратился генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов, отметив важность тесного взаимодействия с компанией Wabtec и системного повышения квалификации работников.

– Совместные обучающие мероприятия позволяют укреплять технические компе-

тенции персонала, обеспечивать надежную эксплуатацию локомотивов и строгое соблюдение требований охраны труда и техники безопасности, – подчеркнул Асан Умбетов.


В ходе семинара специалисты Wabtec представили обновления в конструкциях и сервисных решениях, направленные на повышение эффективности обслуживания и продление срока службы локомотивов. Участники обсудили практические вопросы эксплуатации, диагностики и модернизации оборудования, а также возможности внедрения цифровых технологий.

По итогам встречи стороны наметили дальнейшие шаги по развитию сотрудничества. Так, в ближайшие годы планируется совместная реализация крупных проектов, включающих поставку новых локомотивов, продление сроков сервисного обслуживания, внедрение цифровой системы Kinetix для контроля и диагностики подвижного состава, капитальный ремонт узлов и агрегатов, а также строительство социальных объектов для работников сервисных центров в отдаленных регионах.

Проведение подобных технических семинаров способствует обмену опытом, совершенствованию профессиональных знаний железнодорожников и укреплению партнерских связей между КТЖ и Wabtec, что в итоге повышает надежность и эффективность локомотивного хозяйства Казахстана.

Фото автора

ТОЧКА ПЕРЕГРУЗА – ТОЧКА РОСТА



Станция Алтынколь, расположенная на границе Казахстана и Китая, является ключевым узлом международной транспортной сети. Это один из важнейших логистических центров Центральной Азии, активно способствующий развитию торговли между странами Шелкового пути. На перегрузочных терминалах, которые играют важную роль в обеспечении стабильных грузоперевозок, побывал и наш корреспондент.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алтынколь

С самого раннего утра на перегрузочных терминалах – Сухой порт ТОО «KTZE-Khorgos Gateway», ТОО «Евротранзит» и АО «Кедентранссервис» – кипит работа.

Процесс перегрузки требует высокой точности и включает несколько этапов. Со станции Хоргос по узкой колее в Т-парк прибывает состав, где проходит первичный пограничный и таможенный контроль, регистрацию машинистов и внешний осмотр. Эта операция занимает около 30 минут.

После этого состав направляется в парк «Д», где в пути следует через инспекционно-досмотровый комплекс, радиационный контроль, автоматизированную систему коммерческого осмотра и динамические весы.

По прибытии сигналисты станции закрепляют состав тормозными башмаками, а агент конторы передает совместно с сотрудником ВЖДО принимает перевозочные документы у машинистов КНР.

Далее документы передаются в малую контору, где сотрудник таможенной службы и товарный кассир вскрывают сейф-пакет и начинают обработку документов по приему: проставляют штампы, выполняют перевод, вводят данные в программу АСУПС. Параллельно состав проходит технический и коммерческий осмотр.

После завершения обработки документов пакет передается в административное здание для

дальнейшего оформления. Состав, прошедший все проверки, подается на один из трех перегрузочных терминалов станции.

Операции по приему и обработке поездов ведутся параллельно всеми службами станции и смежными подразделениями. В момент перегруза и формирования состава производится таможенное оформление документов, ведется учет документооборота, формируются электронные вагонные листы и акты общей формы – это значительно упрощает работу.

– Мы строго следим за безопасностью, – подчеркивает главный инженер станции Алтынколь Ельдар Байсаков. – Это важно не только для сохранности товара, но и для безопасности людей и окружающей среды. Терминалы оснащены современным оборудованием, и все операции находятся под строгим контролем.

Время перегруза контейнерного поезда составляет 55 минут, а общее время от прибытия состава по узкой колее до отправления по широкой – 3 часа 55 минут.

Современное оборудование и автоматизированные процессы позволяют значительно сократить время стоянки поездов и повысить пропускную способность станции. Техническая оснащенность впечатляет: многофункциональные козловые краны большой грузоподъемности, современные автопогрузчики, штабелеры, интегрированные системы слежения и управления контейнеропотоками. На территории терминалов предусмотрены склады времен-



ного хранения и площадки для накопления контейнеров, что обеспечивает гибкость в организации логистических цепочек.

Вся деятельность осуществляется под контролем служб безопасности и с соблюдением норм таможенного и санитарного контроля, обеспечивая оперативное прохождение международных грузов. Это способствует привлечению новых логистических потоков и формирует имидж транспортного узла как надежного партнера.

Терминал АО «Кедентранссервис» имеет три перегрузочных места, ангар для тарно-штучных грузов, площадку для перегрузки генеральных грузов (оборудование, сталь, тяжелая техника) и контейнерную площадку вместимостью до 1 200 ДФЭ.

ТОО «Евротранзит» специализируется на перегрузке контейнеров, предоставляет также услуги по перегрузке автомобилей и складские услуги. Вместимость площадки – до 5 000 ДФЭ.

Самый крупный терминал – Сухой порт ТОО «KTZE-Khorgos Gateway», выполняющий комплекс услуг по перегрузке контейнеров, оборудования, автомобилей, спецтехники и предоставляющий складские услуги. Вместимость площадки для хранения контейнеров – до 18 000 ДФЭ.

Сегодня Алтынколь – это не просто перегрузка с одной колеи на другую, а символ технологического развития, организации процессов и стремления к постоянному совершенствованию.

Справка: за девять месяцев текущего года общий грузооборот станции Алтынколь составил 11 895 440 тонн – рост на 19% по сравнению с прошлым годом и на 81% к плану ОСЖД.


Из РК в КНР отправлено 5 831 207 тонн, из КНР в РК – 6 064 233 тонны.

Обмен поездов: прием по узкой колее – 5 004 поезда, сдача по широкой – 2 780 поездов.

Фото автора

ТЕОРИЯ НА ПРАКТИКЕ

Анна МАРЬИНА,
Илецк



В практическом техническом занятии на станции Чашкан приняли участие осмотровики-ремонтники вагонов и операторы ПТО филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк».

В ходе занятия осмотровики-ремонтники и операторы пунктов технического осмотра (ПТО) ознакомились с рабочим местом осмотровиков-ремонтников вагонов на контрольном посту Чашкан, изучили стеллаж для запасных частей и учебные макеты.

Электромонтер – дежурный Илецкой дистанции сигнализации и связи Сарсенгалий Кинеев продемонстрировал на пульте-табло, как отражается прием и пропуск поездов, подробно разобрав каждый этап. В качестве тренировки на посту безопасности был произведен пропуск грузового поезда «сходу» для оценки ответственности работников в качественном осмотре составов на ПТО.

Затем участники занятия выехали на перегон, где ознакомились с работой технических средств контроля за состоянием подвижного состава (КТСМ), контрольно-габаритных устройств (КТУ) и устройств контроля схода подвижного состава (УКСПС). Начальник ПТО Илецк Рашид Байниязов пояснил принципы действия и причины срабатывания устройств УКСПС и КТУ, а старший электромеханик по КТСМ Александр Беляев рассказал о функциях перегонного оборудования и порядке передачи данных системы КТСМ.

Мастер производственного обучения Наурызали Абуталиев дал подробные разъяснения, как должны действовать работники ПТО в нестандартных ситуациях, в частности, при срабатывании устройств КТСМ-02 сигналов «Тревога-1» и «Тревога-2». Все участники практических занятий ответственно подошли к практическому изучению полученных теоретических знаний.

ЖАРАС ТӨКЕНҰЛЫ ІЗҒҰЛОВ

2025 жылдың 30 қазанында Құрметті теміржолшы Жарас Ізғұлов өмірден озды.

Жарас Ізғұлов 1971 жылдың 28 қыркүйегінде Қазақстанның батыс аймағында дүниеге келген. 1995 жылы Самара теміржол көлігі инженерлері институтын, кейін Алматы экономика және статистика академиясын бітірген. Еңбек жолын Батыс Қазақстан темір жолының Атырау бөлімшесінде пойыз құрастырушының көмекшісі болып бастап, инженер, станция бастығының орынбасары, Маңғышлақ станциясының бастығы, тасымалдау бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары, «КТЖ» РМК филиалы – Атырау тасымалдау бөлімшесі бастығы, «Инфрақұрылым» ЕМК директоры қызметтерін атқарды. Он жыл Ақтөбе жол бөлімшесін басқарды. «КТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратына ауысып, 2015-17 жылдары Магистральдық желі дирекциясында басшылық қызметте болды. Ал 2018 жылы «Integra Construction KZ» ЖШС бас директоры болып тағайындалды. «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі болды.

Теміржолшы мамандығына адалдығы, жауапкершілігі және кәсіби біліктілігі үшін Жарас Төкенов 2004 жылы «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталса, 2012 жылы «Құрмет» орденінің иегері атанды. Бұдан бөлек «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен қатар, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатын алған.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы, «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығы мен ұжымы, «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесі Жарас Төкенұлы Ізғұловтың отбасы мен жақындарына орны толмас қазға байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



ВАСИЛИЙ АНТОНОВИЧ СЕРДЮКОВ

На 99-м году ушел из жизни один из старейших сотрудников Целинной железной дороги, Почетный железнодорожник, ветеран Великой Отечественной войны Василий Сердюков.

Василий Антонович стал последним ветераном-железнодорожником из Астаны. Он родился 21 ноября 1926 года в селе Богдановка Акмолинской области. В 1943 году 17-летним юношей ушел на фронт вместе со своим братом, о гибели которого на войне с горечью вспоминал до последних дней.

После учебной подготовки в Саратовской области их с братом направили в состав 26-й тяжелой минометной бригады. На американских грузовиках «Студебекер» они доставляли минометы от Минска до Берлина. Василий Сердюков участвовал в освобождении городов Беларуси и Польши, форсировал реки Вислу, Одер, Шпрее и штурмовал Берлин.

Для Василия Сердюкова она закончилась 2 мая 1945 года у стен поверженного Рейхстага. За военные подвиги награжден орденом Отечественной войны, медалью «За отвагу» и другими наградами.

Вернувшись, окончил Новосибирский институт военных инженеров железнодорожного транспорта. Василий Антонович посвятил работе на железной дороге без малого 50 лет жизни. Работал дежурным по путям, дежурным по станции, поездным диспетчером на станции Курорт-Боровое, начальником станций Кокчетав, Целиноград. Под его руководством на станции Целиноград электрифицировали железную дорогу, тепловозы пришли на смену маневровым паровозам. По воспоминаниям коллег, Василий Сердюков был самым справедливым и ответственным начальником.

Чтобы передать знания молодым специалистам, Василий Антонович инициировал создание дорожно-технической школы для подготовки кадров для железной дороги, которой руководил вплоть до выхода на заслуженный отдых в 1990 году.

Руководство и коллектив АО «НК «КТЖ», ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», Центральный совет ОО «Казпрофтранс», Совет ветеранов-железнодорожников выражают глубокие и искренние соболезнования всем родным и близким в связи с тяжелой утратой – кончиной ветерана Великой Отечественной войны, Почетного железнодорожника Василия Антоновича Сердюкова.



Руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» и Центрального совета ОО «Казпрофтранс» выражает искренние соболезнования директору департамента технической политики Дмитрию Владимировичу Потлову в связи с тяжелой и невосполнимой утратой – кончиной матери **Веры Николаевны Потловой.**

МАГИСТРАЛЬ МАЙТАЛМАНДАРЫНА ҚҰРМЕТ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да тәуелсіздікті, егемендікті және халықтың бірлігін айшықтайтын мереке – Республика күні ерекше көңіл-күймен атап өтілді.

АСТАНА

Мерекелік іс-шаралар жылы, шабыттандыратын атмосферада өтті. Болат магистраль қызметкерлері күшімен ұлттық сарында, шынайы қойылымдарға және Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің жанды энергиясына толы жарқын концерт ұйымдастырылды. Іс-шараның ерекше салтанатты сәті теміржол саласының дамуына ерекше үлес қосқан компанияның үздік қызметкерлері мен ардагерлерін құрметтеу болды. Теміржолшыларға адал еңбегі, кәсібилігі және адалдығы үшін марапаттар табысталды. Салтанатты

кеште «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Марат Шәкенов құттықтау сөз сөйлеп, барша әріптестеріне ұлттық мерекеде табыс тіледі. Ол барлығы 35 теміржолшыға түрлі марапаттарын табыстады.

Атап айтқанда, бұл қатарда «Ерен еңбегі үшін» медалімен Павлодар белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханигі Азат Зайнетдинов, Балқаш белгі беру және байланыс дистанциясының техникалық құжаттама инженері Бейбіт Жабаев, Достық станциясының жүк және багажы қабылдап-тапсырушысы Айгүл Ибрайханова, Ақтоғай локомотив пайдалану депосының ТД-8 Достық тепловозының машинисі Жандос Сейілғазинов және басқалар бар.

«І дәрежелі Теміржол даңқы» медалімен зейнеткер, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Орталық ардагерлер кеңесінің өкілі Гүлнар Айтбекова, Семей магистральдық желі бөлімшесінің пойыз құрастырушысы Қайрат Қайырбеков «І дәрежелі Теміржол даңқы» медалімен және Ақмола магистральдық желі бөлімшесі Астана материалдық-техникалық жабдықтау базасының бастығы Бақыт Құлмамбетов «ІІІ дәрежелі Теміржол даңқы» медалімен марапатталды. Бұл адамдар – елдің стратегиялық артериясын ұстап тұрған нағыз патриоттар. ҚТЖ-да Республика күнін мерекелеу – бұл жай ғана дәстүр емес, ел тарихына, оның құндылықтарына және магистральдың бүгіні мен бо-

лашағын құратын адамдарға құрмет көрсету.

Кеш одан әрі теміржолшылардан құралған концерттік бағдарламамен жалғасты. Тассай станциясының кезекшісі Асылан Серғалиев, «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» филиалының жолсерігі Ақниет Есбосынов «Самға, қазақ» әнін орындаса, «Бұл өмірде» әнін Қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлық аппаратының бас менеджері Алтынай Жатқанбаева, Көпфункционалды қызмет көрсету орталығының менеджері Айжан Сейітбаева мен осы орталықтың кадр бөлімінің менеджері Ләйлә Мирзаулина айтып берді. Өзге де талантты теміржолшылар көпшілікті өнерімен тамсандырып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Райхан РАХМЕТОВА

Суретті түсірген

Александр ЖАБЧУК

АҚТӨБЕ

Ақтөбеде Республика күніне арналған салтанатты іс-шарада теміржол саласының дамуына үлес қосқан еңбек озаттары марапатталды.



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев көпшілікті мерекемен құттықтап, әр қызметкерге жетістік тіледі, сенім артты.

– Республика күні – ұлттық мереке. Бұл күні елдің мемлекет ретінде қалыптасуына маңызды тарихи қадам жасалды. Халқымызды ынтымақ пен бірлікке үндейтін айтулы күні барлығыңызды шын жүректен құттықтап, ең ізгі тілегімді арнаймын. Теміржол саласы – экономиканың құрета-мыры. Ұлттық компания еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға, маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға үлкен үлес қосып отыр. Біздің міндетіміз – Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде қалыптастыруға өз үлесімізді қосу, – деді

Б.Беркімбаев.

Өңірдің бас теміржолшысы одан әрі ерен еңбегімен ер атанған теміржолшыларды сахна төріне шақырып, түрлі марапаттар табыс етті. Марапат иелерінің басым бөлігі – жұмысшы мамандықтар иелері, инженер мамандар. Бәрі де саланың дамуына үлес қосып жүрген майталмандар.

Сонымен қатар жиында кәсіподақ ұйымы тарапынан да құттықтау тілектер қатары мол болды. Бір топ теміржолшылар сала кәсіподағының 120 жылдығына орай «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің арнайы төсбелгісімен марапатталды.

Ардақ ЕРУБАЕВА

Суретті түсірген автор

МАҢҒЫСТАУ

Маңғыстау темір жолына қарасты Болашақ станциясының тұрғындары үшін Республика күні жағымды жаңалықпен келді. Мемлекеттік мерекеге орай ауылда ашық сахнаның тұсауы кесілді.



Ауыл орталығынан су жаңа сахна салынып, халықтың игілігіне берілді. Ашық аспан астындағы бұл сахнаның орналасқан аумағы кең. Ол үшін ауылдың жарық, ыңғайлы жерінен жалпы ауданы 1000 шаршы метрлік орын бөлініп, өрнекті тас төселіп, айналасы қоршалған. Атшаптырым аумақтың ортасында темірден сахна орнатылған.

– Ауыл басшылығынан осындай мерекелік тарту алып, жас-кәрі бәріміз мез-мейрам болып жатырмыз. Бұрын мерекелік іс-шараларды қайда бос орын бар, сол жерде, вокзалдың не басқа мекеменің алдында өткізетінбіз. Енді ауылдың ортасында сахнамыз бар. Жергілікті билік өкілдерінің айтуынша, бұл жер болашақта тағы да көркейе түседі. Сахнаның төңірегіне орындықтар қойылып, субұрқақтар орнатылады. Мұндай бастаманы ұйымдастырып, осындай орындар дайындап, халыққа пайдалануға беріп жатқандарға алғыс айтамыз, – дейді Болашақ өрт сөндіру пойызында еңбек ететін ауылдың қоғамдық қауымдастық төрағасы Ерболат Бытықов.

Болашақта республика күні кең көлемде аталып өтті. Жаңа сахнада өнерпаз қыз-жігіттер күшімен концерттік бағдарлама қойылып, ән шырқалып, күй шалқыды. Ақсаулықты аналар шашуын шашып, ақсақалдар батасын беріп, ауыл сахнасын мерекелік думанға бөледі.

Шахида ЖҰМАН

Суреттерді түсірген автор

АТЫРАУ

Республика күнін атыраулық теміржолшылар көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды. Атырау магистральдық желі бөлімшесінің акт залында мемлекеттік ту ілініп, туған ел мен жер туралы айтылған патриоттық әндер мерекелік атмосфера туғызды.

Бөлімше басшысы Аралбай Қосымбаев көпшілікті мерекемен құттықтап, бұл күні еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам жасалып, тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы декларациясы қабылданып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізі жарияланғанын, сондай-ақ бүгінде еліміздің саяси және экономикалық салалардағы, оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышыпен атап өтті. «Әлбетте, өткен жылдар ішінде еліміздің дамуына теміржолшылардың қосқан үлесі де айтарлықтай екендігі рас. Соның ішінде өлке темір жолының өркендеуінде аға буын мен бүгінгі еңбеккерлердің әрқайсысының қолтанбасы жатыр. Сондықтан халықтық мереке – Респуб-

лика күні құтты болсын, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбекте толағай табыс тілеймін!», – деді ол. Осындай игі тілекті бөлімше кәсіподақ ұйымының жетекшісі Марат Бисенғалиев та арнады. Содан кейін теміржол саласының дамуына ерекше үлес қосқан үздік қызметкерлерді марапаттауға кезек берілді.

Республика күні мерекесіне орай Атырау магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің жетекші



инженері Айнұр Құлмағамбетова «Адал еңбегі үшін» төсбелгісін, Атырау жол дистанциясының өндірістік тәлім бастығы Дауыл Тауашов «Кәсіби бойынша үздік» төсбелгісін, Атырау жол дистанциясының жол шебері Жанболат Таумұрынов

ЖАМБЫЛ

Республика күніне арналған салтанатты жиында Жамбыл жүк тасымалы және Жамбыл магистральдық желі бөлімшелеріне қарасты еңбек ұжымдарында өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып жүрген мамандар түрлі марапат пен құрметке кенелді.

Соңғы жылдары айтулы мерекеге орай саланың дамуына зор үлес қосып, адал еңбегімен көзге түскен теміржолшыларды «Темір жол даңқы», «Адал еңбегі үшін», «Кәсіби бойынша үздік», «Үздік жол шебері», «Үздік жас маман», «Үздік машинист» төсбелгілері, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапаттау дәстүрге айналған.

Былғы салтанатты жиынның мәні мен мазмұны да өзгеше. Патриоттық әндер шырқалып,

ерекше көңіл күйге бөлеген форматы бөлек мерекелік іс-шарада «Жұмысшы мамандықтар жылы» және теміржолшылар кәсіподағының 120 жылдығына орай марапатқа ие болғандар қатары да көп болды.

Салтанатты жиында Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директоры Айдын Сеитбенбетов, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директоры Мейрамбек Кенжебаев, теміржолшылар кәсіподағы Жамбыл филиалының төрағасы Ерболат Жидебаев сала мамандарын мерейлі мерекемен құттықтап, марапаттарын табыс етті.

– Біз жақында ғана күзгі комиссиялық тексеруді аяқтап, қорытындысын шығарған болатынбыз. Маусымаралық кезенге үлкен жауапкершілікпен қарап, қысқа дайындық жұмыстарын тиянақты өткізген бес еңбек ұжымын атап өтіп, мерейлі мереке қарсаңында марапаттауды жөн көрдік. Бұл басқа құрылымдарды да ынталандыра түсері анық, – дейді Айдын Пайзылдаулы.

Мерекелік іс-шарада Жамбыл локомотив пайдалану депосы филиал директорының Құрмет грамотасымен марапатталып, үздік атанған



еңбек ұжымдарының көшін бастады. Тиянақты жұмысымен көзге түскендер қатарында Қорағаты, Ақтаутас, Малдыбай, Қаратау станциялары да бар.

Өз кезегінде Магистральдық желі бөлімшесіне қарасты құрылымдарда табысты еңбек етіп жүргендер де филиал директоры Мейрамбек Сермағанбетұлы тарапынан Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ардақ УСЕЙІНОВА

Суретті түсірген автор

ҚЫЗЫЛОРДА

Қызылорда өңірінің теміржолшылары Республика күні мерекесін айрықша көтеріңкі көңіл-күймен, шынайы патриоттық рухпен қарсы алды. Егемен елдің еңселі мерекесіне орай аймақтың барлық салалық мекемелерінде салтанатты жиындар өтіп, теміржолшылардың табанды еңбегі мен ел дамуына қосқан үлесі лайықты бағаланды.

Халқымыздың мемлекетшілдігін, елдік рухы мен бірлігін айшықтайтын мерекеге орай салтанатты шара «АМАНАТ» партиясының қалалық филиалына қарасты «Магистральды желі» бастауыш партия ұйымында да ұйымдастырылды. Шараға бөлімше директоры

ның міндетін атқарушы Ербол Оңғарбаев жетекшілік етіп, ел мүддесі жолында адал еңбек етіп жүрген қызметкерлерге алғысын білдірді.

– Республика күні – әр азаматтың еркіндігі мен ел дамуына қосқан үлесінің нышаны. Баршаңызды Республика күнімен шын жүрек-



тен құттықтаймын! Ел бірлігі мен ынтымағы, еңбектегі табыс пен толағай жетістік әрдайым серігіңіз болсын. Тәуелсіз еліміздің абыройы асқақтай берсін! – деді Ербол Кәжденұлы өз сөзінде.

Мерекелік жиында сала үздіктері мен еңбек майталмандары

марапат төрінен көрінді. Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясының аға электромеханигі Нұрлан Саттарұлы «Адал еңбегі үшін» медалімен, ал Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының электромеханигі Мақсат Өмірзақов

«Үздік байланысшы» медалімен марапатталды. Сондай-ақ облыстық деңгейде өткен марапаттау рәсімінде шебер Ғалымжан Ахметов Қызылорда облысы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Бұдан бөлек, кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен Қызылорда

магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелердің үздік қызметкерлеріне де құрмет көрсетілді. Бөлімше басшылығы атынан әр мекемеден үш теміржолшыға Мадақтама қағазы мен бағалы сыйлық табысталды.

– Республика күніне орай ұйымдастырылған шара теміржолшылардың рухын көтеріп, ел мен еңбекке деген сүйіспеншілігін арттырды. Өрбір марапат – тек еңбек адамының жетістігі ғана емес, бүкіл саланың мерейі. Біз теміржолшылардың еңбегін елестеріп, олардың абыройын асқақтатуға әрдайым дайынбыз, – дейді «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ

Суретті түсірген автор

ЗАСЛУЖЕННЫЕ НАГРАДЫ – ЛУЧШИМ РАБОТНИКАМ

АСТАНА

В АО «НК «КТЖ» состоялась торжественная церемония награждения работников, внесших значительный вклад в строительство и запуск второй линии железной дороги Достык – Мойынты.

Награды были вручены в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 30 сентября 2025 года № 1023 и приурочены к празднованию Дня Республики.

От имени Главы государства заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Мурат Торегельдин вручил железнодорожникам орден и медали, поблагодарив за высокий профессионализм, ответственность и преданность делу.

– Сегодня мы чествуем людей, чья энергия и труд стали частью большого дела – реализации стратегического проекта, укрепляющего транзитный потенциал страны. Ваша работа – пример настоящего патриотизма и самоотдачи. Строительство второй линии Достык – Мойынты – не просто инфраструктурный проект, это вклад в будущее Казахстана, – отметил Мурат Торегельдин.

Высокой государственной наградой – орденом «Құрмет» – отмечен директор филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – Шымкентское отделение магистральной сети» Алгазин Койлыбаев.



– Для меня эта награда – признание труда всей нашей команды. Каждый метр новой линии построен благодаря совместным усилиям сотен специалистов, инженеров, машинистов и строителей. Мы гордимся тем, что внесли свой вклад в развитие железнодорожной отрасли и укрепление транспортной системы страны, – сказал он.

Медалью «Ерен еңбегі үшін» награждены исполнительный директор филиала ТОО «Integra Construction KZ» Нурлыбек Бейконаев, исполнительный директор Азамат Оспанов и первый заместитель исполнительного директора Елжас Алдаберлиулы.

Кроме того, за многолетний добросовестный труд и вклад в развитие отрасли медалями «Еңбек ардагері» отмечены ветераны-железнодорожники Касымбек Жұнусов, ранее занимавший должность заместителя директора департамента электрификации и энергетики, Куванчал Естемисов, который трудился в Алматынском отделении магистральной сети, и Тургынбай Беков,

проработавший в Жамбылском отделении магистральной сети.

Проект «Достык – Мойынты» стал одним из ключевых направлений в развитии Транскасийского международного транспортного маршрута (ТМТМ), открыв новые возможности для увеличения пропускной способности железных дорог Казахстана и укрепления международных связей.

Мурат Торегельдин поблагодарил коллективы за самоотверженный труд.

– Железная дорога – это не только пути и локомотивы. Это, прежде всего, люди, которые своим трудом соединяют регионы и создают основу экономического роста страны, – подчеркнул он.

Торжество завершилось фотографией на память, аплодисментами и теплыми словами признательности в адрес всех, кто строил стратегическую линию, ставшую символом создания, единства и веры в будущее Казахстана.

Айлін БАУРЖАН
Фото Александра ЖАБЧУКА

АЛМАТЫ

В честь главного государственного праздника – Дня Республики Казахстан – в Алматынском отделении грузовых перевозок состоялось торжественное мероприятие, посвященное чествованию лучших сотрудников региона.



Руководство филиала отметило трудовые заслуги и высокий профессионализм работников, внесших значительный вклад в развитие транспортной отрасли и обеспечение бесперебойных грузовых перевозок.

Нагрудным знаком «ІІІ дәрежелі теміржол даңқы» награжден начальник технического отдела Алматынского отделения грузовых перевозок Алибек Махамбеталиев. Знаком «Адал еңбегі үшін» отмечен начальник станции Бурундай Даулет Карабатыров.

Медалями «Достык – Мойынты» награждены заместитель агентско-

го пункта станции Жетысу Абзал Алсеитов и инженер технического отдела Алматынского отделения грузовых перевозок Арман Каленов.

Лучшие сотрудники также получили нагрудные знаки «Үздік жас маман», «Кәсібі үздік бойынша», «Үздік жүк тасымалдаушы», а также почетные грамоты и благодарственные письма.

В своем поздравительном выступлении главный инженер Алматынского отделения грузовых перевозок Сабыр Иманалиев подчеркнул, что успех компании напрямую связан с ответственностью,

инициативностью и преданностью делу каждого работника.

– Пусть этот праздник станет символом единства, гордости и новых свершений на благо нашей страны, – отметил он.

Мероприятие прошло в теплой и праздничной атмосфере. Прозвучали слова признательности всем железнодорожникам за их ежедневный труд, направленный на укрепление экономики страны и развитие транспортной инфраструктуры Казахстана.

Елена КОЛДАСБАЕВА
Фото автора

УРАЛЬСК

Более 35 уральских железнодорожников – работников филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону – получили заслуженные награды ко Дню Республики и в честь 120-летия профсоюзного движения железнодорожников Казахстана.



Большинство награжденных более 10-30 лет прослужили верой и правдой стальной магистрали в Уральском регионе, соответствующие нагрудные знаки они получили уже в этом году. А ко Дню Республики были приурочены награды за доблестный многолетний труд и другие достижения на благо нашей страны.

В целях организации технологического окна по переключению устройств СЦБ на участке Достык – Мойынты Уральская дистанция сигнализации и связи (ШЧ-7) неоднократно направляла своих специалистов – электромехаников, электромонтеров и других работников. Из 15 командированных семеро отмечены памятными медалями «Достык – Мойынты». Это начальник производственных участков (СЦБ) – Ержан Нуртазиев и Канат Азгалиев, старший электромеханик СЦБ станции Пойма Ислам Черниязов, он также награжден знаком «Үздік жас маман», электромеханики СЦБ Мадияр Агузаков и Ринат Казиев (ст. Уральск), Жасулан Утепбергенов (ст. Казахстан), Хайдар Хасанов (ст. Таскала). Причем эта работа продолжается на следующем участке

и уральские СЦБисты по-прежнему на переднем крае строительства стальной магистрали.

Заслуженные награды получили и работники Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1). Впервые знак «Үздік машинист» вручен машинисту тепловоза второго класса Тлекабылу Алангузову – за более чем 40 лет безупречного труда. Почетной грамотой председателя правления АО «НК «КТЖ» отмечен помощник машиниста Иван Макаринцев, а благодарственным письмом («Алғыс хат») – слесарь по контрольно-измерительным приборам Сергей Белов.

Почетной грамотой председателя правления АО «НК «КТЖ» также отмечены осмотровик-ремонтник вагонов Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3) Аманжол Шайхин, маневровый диспетчер станции Орал Альберт Конашов и дорожный мастер Уральской дистанции пути (ПЧ-1) Тимур Танатаров. Благодарственные письма («Алғыс хат») вручены осмотровик-ремонтнику вагонов ВЧД-3 Серикболату Бижанову, товарному кассиру станции Орал Акмонташ Миндагалиевой и монтеру

пути ПЧ-1 Оралбеку Нурушеву.

Особое признание получил дорожный мастер ПЧ-1 Юрий Скотников, посвятивший более 30 лет работе на железной дороге. Ко Дню Республики он удостоен новой отраслевой награды – знака «Үздік жол шебері».

Помимо производственных достижений, в компании высоко ценится общественно-полезная деятельность, особенно в сфере профсоюзного движения. К 120-летию профсоюзов железнодорожников Казахстана юбилейными медалями награждены председатели цеховых профкомов предприятий, а также активные представители трудовых коллективов.

Кроме того, еще 15 работников уральских предприятий получили именнные наручные часы в честь 120-летия профсоюзного движения железнодорожников Казахстана.

Завершилось мероприятие праздничным концертом: перед уральскими железнодорожниками выступили солисты областной филармонии имени Гарифуллы Курмангалиева, посвятив свою программу Дню Республики.

Анна ПАНИЩЕВА
Фото автора

За профессионализм, ответственность и вклад в строительство линии Достык – Мойынты сотрудники Регионального центра управления движением поездов Северного региона АО «НК «КТЖ» – «Дирекция перевозочного процесса» (РЦУП-3) отмечены заслуженными наградами.

Ко Дню Республики 45 работников РЦУП-3 удостоены медали «Достык – Мойынты», учрежденной в честь завершения строительства вторых путей на этом стратегически важном участке.

Торжественная церемония награждения прошла в Астане в преддверии государственного праздника. Награды сотрудникам вручил исполняющий обязанности заместителя директора по корпоративным вопросам и цифровизации филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция перевозоч-

ного процесса» Әділхан Дәкенов.

– Вклад наших работников в развитие стальной магистрали Казахстана по достоинству оценен. Благодаря вашему ежедневному труду, ответственности и преданности делу обеспечивается бесперебойное движение поездов. Пусть эта награда станет символом признания вашего профессионализма и верности выбранному пути, – отметил Әділхан Болатұлы.

Награжденные сотрудники в свою очередь выразили признательность руководству компании



за внимание и высокую оценку их труда. Они отметили, что награда придает новые силы и вдохновляет на дальнейшие достижения во благо развития железной дороги Казахстана.

Любовь РОББА
Фото Олжаса АХМЕТОВА

В ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» состоялась торжественная церемония чествования работников, внесших значительный вклад в развитие компании и железнодорожной отрасли в целом.



В торжественной обстановке были отмечены 11 сотрудников, удостоенных корпоративных наград – почетных грамот, благодарственных писем и нагрудного знака «Үздік жас маман» с вручением единовременных премий.

С приветственным словом присутствующим обратился генеральный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов. Руководитель компании подчеркнул, что успехи предприятия напрямую связаны с трудом и самоотдачей каждого работника.

– Сегодня мы чествуем людей, которые своим ежедневным трудом обеспечивают стабильную работу грузовых перевозок. Ваш профессионализм, преданность делу и ответственность являются опорой компании. Благодаря вашему труду

КТЖ сохраняет позиции лидера в сфере транспортных услуг. От всей души благодарю за вклад в развитие железнодорожной отрасли и желаю новых успехов, – отметил Асан Умбетов.

Поздравления получили сотрудники центрального аппарата и филиалов компании – специалисты департаментов маркетинга, перевозочного процесса, управления персоналом, защиты имущественных прав, снабжения и других направлений.

Среди награжденных – представители разных поколений железнодорожников. Главный менеджер департамента координации перевозочного процесса Ерлан Бексеитов посвятил профессии более 30 лет.

– Работаю с 1995 года. Начинал помощником машиниста, затем трудился диспетчером в Кызылор-

динском отделении дороги. С 2008 года работаю в Астане, а с 2010-го – в дирекции перевозочного процесса. Для меня железная дорога – это не просто место работы, а целая жизнь, – рассказал он и добавил, обращаясь к молодым специалистам, – дерзайте, не бойтесь трудностей и идите вперед. Работайте с душой, и результат обязательно придет.

В завершение церемонии Асан Умбетов поблагодарил коллектив за преданность профессии и пожелал всем новых достижений и благополучия.

– Железная дорога – это люди, которые своим трудом соединяют города, регионы и судьбы. Ваш пример вдохновляет и укрепляет уверенность в будущем компании, – подчеркнул руководитель.

Торжественная церемония завершилась аплодисментами и словами благодарности в адрес всех работников железнодорожного транспорта. Руководство компании выразило уверенность, что преданность делу, накопленный опыт и энергия новых поколений специалистов обеспечат дальнейшее развитие и процветание отрасли.

Руслан РАХМЕТОВ
Фото автора

КАРАГАНДА

В рамках празднования Дня Республики во Дворце культуры железнодорожников на станции Караганда-Сортировочная состоялось торжественное мероприятие в честь лучших работников предприятий, внесших весомый вклад в развитие железнодорожной инфраструктуры Карагандинского региона.

С приветственным словом выступил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марат Ибраев. Он пожелал коллегам мира, благополучия, профессиональных успехов и уверенности в завтрашнем дне.

В ходе церемонии памятные медали «Достык – Мойынты» получили 150 железнодорожников, активно участвовавших в строительстве второй линии

одноименной магистрали. Эта награда символизирует преемственность поколений, модернизацию и развитие инфраструктуры, что позволяет существенно увеличить пропускную способность и расширить географию перевозок.

Кроме того, государственная награда «Ерен еңбегі үшін» вручена машинисту тепловоза пассажирского поезда ТЧЭ-15 Жанаарка Серику Косакову и начальнику железнодо-



рожной станции Акшагыл Мейірбеку Болатбекову.

Медалью «ІІІ дәрежелі Теміржол даңқы» отмечен начальник отдела логистики и организации перевозок грузов Бауыржан Сагындыков.

Нагрудный знак «Адал еңбегі үшін» получил машинист тепловоза ТЧЭ-16 Балхаш Ерболат Рахимов, «Үздік машинист» – Есиркеген Куатов.

Знаком «Кәсібі бойынша үздік» награжден старший машинист-инструктор

ТЧЭ-16 Балхаш Даурен Мухамеджанов, а значок «Жас үздік маман» вручен машинисту электроваза оборотного депо ТД-11 Акадыр Әнуару Тәжіхану.


Особым моментом стало вручение медалей «Достык – Мойынты» бывшему начальнику станции Балхаш Аманжолу Омарову, который внес значительный вклад в строительство участка Балхаш – Мойынты, являющегося частью масштабного проекта по возведению вторых путей магистрали протяженностью 836 километров.

Торжество завершилось праздничным концертом с участием артистов Дворца культуры железнодорожников, подарившим всем присутствующим атмосферу гордости, радости и единства.

Светлана МОГАЙ
Фото автора

№90-91 (3129-3130) 31/10/2025

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН...



«Жолаушылар тасымалы» АҚ «Қала маңы тасымалы» филиалының директоры Жамбыл Байділдиновпен компанияның жоспарлары мен жаңалықтары, хаб жүйесі қағидаты бойынша қала маңы тасымалын дамыту төңірегінде сұхбаттастық.

– Жамбыл Есенұлы, биылғы жазда пайдалануға берілген Burabay Express электропойызының атына жақсы да жағымды пікірлер көп естідік. Құрамның ерекшелігі неде?

– Burabay Express № 888/887 электропойызы Петропавлда халықаралық стандарттар бойынша құрастырылды. Ол елорданың екі вокзалынан аттанып, екі жарым сағаттың ішінде жолаушыларды Бурабайға жеткізеді. Құрамында алты вагон және үш қызмет көрсету класы бар. Бірінші класта – реттелетін жоғары жайлылықтағы креслолар, жеке үстелдер, жаңа баспа және бортық тамақтану. Екіншісінде – «комфорт плюс» деңгейіндегі ыңғайлы орындықтар; сусындар мен ыстық тағамдарды сатып алуға болатын буфет жұмыс істейді. Үшіншісі – ыңғайлы орындықтар, USB/Tyре-С зарядтау және велосипедтерге арналған орын.

Құрамда үш класты алты кондиционерленген вагон бар, барлығы 374 орын. 1-класс – 86 орын, 2-класс – 116 орын, 3-класс – 172 орын.

Барлық вагондарда ауа баптағыштар мен ыңғайлы жылжымалы басқыштар орнатылған. Билеттер 45 тәулік бұрын ашылады, бұл жолаушыларға сапарды алдын ала жоспарлауға мүмкіндік бе-

реді. Демалушылар үшін тағы бір маңызды жайт: RixosBorovoe қонақтары үшін вокзалдан қонақ үйге дейін тегін трансфер ұйымдастырылған.

– Астана – Бурабай бағытындағы бұрынғы құрамдарға қарағанда қандай техникалық ерекшеліктері бар?

– Burabay Express-тің басты ерекшелігі – ол жолаушылардың түрлі артықшылықтарын ескереді. Бір құрамда бірінші, екінші және үшінші кластар бар, бұл әркімге жайлылық деңгейін таңдауға мүмкіндік береді. Пойыз Қазақстанда, Петропавлда жасалған, бұл да ерекше мақтаныш. Мұндай құрамдар Астана – Қарағанды, Астана – Көкшетау және Астана – Ерейментау бағыттарында жүруде. Бұдан басқа, электр пойызы заманауи қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған. Машинист өзінің пультіңде барлық құрамның және әрбір вагонның техникалық жай-күйін жеке толық бақылайды.

– Қозғалыс жiлiгi қандай және маусымға байланысты кесте өзгере ме?

– Бүгінде Burabay Express аптасына бес рет қатынайды – бұл біз өзгертуді жоспарлап отырған кесте емес. Ол бастапқыда Бурабайдың негізгі қонақ үйлеріне келу және шығу уақытымен сәйкес



келетіндей етіп жасалған. Яғни кесте демалыспен біріктірілген: пойыз дәл туристерге келуге немесе нөмірді босатуға ыңғайлы болған кезде келіп, жөнелтіледі. Мұндай кесте қонақ үйлер мен біздің негізгі серіктестеріміздің ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырылды.

– Қауіпсіздік пен жайлылық қалай қамтамасыз етіледі? Жаңа пойызда жұмыс істеу үшін персоналды оқыту жүргізіле ме?

– Әрине, қауіпсіздік қашан да бірінші орында тұрады. Burabay Express машинистке де, ахуалдық орталықта да қолжетімді заманауи бейнебақылау жүйесі орнатылған. Қажет болған жағдайда жолаушылар машинисті шақырудың арнайы түймешегін пайдалана алады, ол әрбір вагонда орнатылған. Машинист те өз пультіңде барлық вагондардың техникалық жағдайын толық бақылай алады дедік, яғни штаттан тыс жағдайда тез әрекет етуге мүмкіндік бар.

Сонымен қатар бейнежетондар жүйесі қосымша енгізілуде: өткізгіштер онлайн-режимде олардың әрекеттерін тіркейтін құрылғылармен жабдықталады. Бұл бақылауды күшейтеді және сервис сапасын арттыру үшін пойыздағы жағдайды

«Қазтеміртранс» АҚ өтімді емес және талап етілмеген өтімділікке жатқызылған, тауар-материалдық қорларды сату жөніндегі Комиссия отырысының 2025 жылдың 24 қазандағы №11 хаттамасына 3-қосымша

САУДА ЖАЙЛЫ ЕСКЕРТПЕ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы 2025 жылғы 18 қарашада сағат 10:00-ден 15:00-ге дейін өтетін «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының өтімді емес тауар-материалдық қорлардың бағасын көтеру бойынша Аукцион түрінде электронды сауда өткізетіндігін хабарлайды, (Астана уақыты бойынша) www.qazupa.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында өтеді.

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының шешімімен (2020 жылғы 12 маусымдағы №02/19 хаттама) бекітілген талап етілмеген өтімді және өтімсіз тауар-материалдық қорларды басқару жөніндегі әдістемесіне және «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 23 мамырындағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тіркелімінің веб-порталында мүлікті сатуды өткізу туралы регламентке (ары қарай – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Төмендегідей өтімді емес санатқа жатқызылған тауар-материалдық қорларға аукцион жарияланады:

Лот №1 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: желқума 20-31 дана, болат арқан d 6,2 -50 мм, шұра 25 мм – 3 дана, шойын шұрасы Д100 РУ-16 ГОСТ 5761-65 – 2 дана, шұра НЖ Д80 РУ-16 – 7 дана, кескіш табақша тәріздес Т-14 Д 27 – 50 дана, кескіш Т15 К6 – 2 дана, токарлық ажыратқыш кескіш Т5К10 (25х16) – 20 дана, қатты құймалы тақташа Т5К12 – 50 дана, қатты құймалы ауыспалы тақташа – 50 дана, тақташа SPKN1504EDSR, 15,87х15,87мм – 50 дана, тақташа SPEW1204ADSN, 12,7х12,7мм – 50 дана, конустық сапты бұрғы Д55 ГОСТ 10903-77 – 2 дана, машиналық-қолдық бұранойғыш 27Х1,5 – 7 дана, машиналық-қолдық бұранойғыш 30Х3,5 – 10 дана, бұранойғыш 10*1.25 – 10 дана, бұранойғыш 16*1.5 – 10 дана, бұранойғыш МР12*1.5 – 10 дана, бұранойғыш 24*1.5 – 10 дана, бұранойғыш 12*1.25 – 10 дана, бұранойғыш 14*1.5 – 10 дана, бұранойғыш 14*2 – 6 дана, бұранойғыш К1/2 – 12 дана, бұранойғыш 8Х1 – 11 дана, бұранойғыш 30*3,5 №1 – 10 дана, бұранойғыш ф 1 1/2 мм – 9 дана, бұранойғыш ф 10х1,5мм – 14 дана, монометр МТ-0-10, МП4-УУ2 – 4 дана, монометр МТ-0-10, МПТИ-У3 – 5 дана, монометр МТ-0-10, МПУ2 – 5 дана, монометр МТ-0-10, оттекті 250 – 3 дана, токарлық орталық №4 – 3 дана, токарлық орталық №5 – 2 дана, монометр МП2-Уф 0-25 кгс/см2 (оттекті) – 5 дана, монометр МП2-Уф 0-250 кгс/см2 (оттекті) – 7 дана, бастапқы бағасы 1 417 404,74 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 212 611 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48-үй;

Лот №2 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: табақша тәріздес кескіш Т-14 Д 27 – 464 дана, токарлық ажыратқыш кескіш Т5К10 (25х16) – 35 дана, қатты құймалы тақташа Т5К12 – 395 дана, қатты құймалы ауыспалы тақташа –1820 дана, тақташа SPKN1504EDSR, 15,87х15,87мм – 114 дана, тақташа SPEW1204ADSN, 12,7х12,7мм – 113 дана, машиналық-қолдық бұранойғыш 16,0Х2,0 – 81 дана, машиналық-қолдық бұранойғыш 18Х1,5 – 114 дана, машиналық-қолдық бұранойғыш 30Х3,5 – 154 дана, бұранойғыш 14*1.5 – 32 дана, бұранойғыш 20*1.5 – 33 дана, бұранойғыш 16*1.5 – 16 дана, бұранойғыш 12*1.25 – 34 дана, бұранойғыш 24*1.5 – 35 дана, бұранойғыш 12*1.25 – 9 дана, бұранойғыш 10*1.5 – 2 дана, бұранойғыш 22*1.5 – 33 дана, бұранойғыш 14*1.5 – 14 дана, бұранойғыш М42 – 4 дана, бұранойғыш №16 – 12 дана, бұранойғыш №16 – 379 дана, бұранойғыш ф 2 мм – 15 дана, бұранойғыш ф 18х1,5мм – 21 дана, бұранойғыш ф 27х1,5 мм – 37 дана, бұранойғыш d=30*3,5 мм ГОСТ 3266-81 – 67 дана, бұранда кескіш домалақ

метрикалық бұрандамен 14Х2 – 2 дана, бұранда кескіш 20*1.5 – 21 дана, бұранда кескіш 14*1.5 – 8 дана, бұранда кескіш М14*1.25 – 11 дана, бұранда кескіш М22*1,5 – 13 дана, бұранда кескіш М30*3,5 – 758 дана, бұранда кескіш М10х1,5,ГОСТ 9740-71 2650-1693 – 30 дана, бастапқы бағасы 9 997 455,91 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 1 499 619 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

Лот №3 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: болат арқан 22 мм – 45 дана, бұранда 4,0*40 – 32,67 кг., тақташа, SPCW1204 – 100 дана, бұрмасоқпа 4 мм – 21,1 м., бидэ 1 дана, писуар 3 дана, жүкбау, 2 вет 11,2 тн – 4 дана, қатты қорытпалы бұрғы 8 ГОСТ 10903-77 – 61 дана, бұрғы d=54 мм, №А1 класс, ГОСТ 10903-77 – 9 дана, дөңгелек егеу 2 дана, крест формалы бұрағыш 2х150 – 7 дана, гайкалы кілт 46х50 – 2 дана, бұрағыш, 0,8*5,5мм – 2 дана, металл дөңгелек щетка, 20*200 – 6 дана, бастапқы бағасы 1 176 392,37 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 176 459 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48-үй;

Лот №4 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: түрлендіргіш тв ТУ-16-529.427-70, ТСПУ1-3Н – 5 дана, дәнекерлеуші шілтергі Г2-05, дм 0,8-1,6 – 7 дана, реттегіш урлд – 4 дана, баллон ГОСТ 15860-84 – 16 дана, бастапқы бағасы 1 158 469,65 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 173 771 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48-үй;

Лот №5 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: болат тиек Д150 РУ-6 – 4 дана, үлгі, ПІ-6 ТО-4 – 1 дана, буксальық кеңістіктің үлгісі Т914.004 – 2 дана, базальық өлшемнің штангені Т914.01.000 – 2 дана, штанген Н Т914.03.000Н – 2 дана, букса сақиналарының тозуын бақылайтын МИ-1180 үлгісі – 2 дана, шаблон Т416.06.000 (Т1216.06.000) №914р/25 – 1 дана, подпятниктің тірек бетінің конустығын бақылауға арналған калибр – 2 дана, тегіс микрометр МК 125-150мм (2КЛ) ГОСТ 6507-90 – 1 дана, тегіс микрометр МК 150-175 мм ГОСТ 6507-90 – 1 дана, индикаторлық нутромер НИ-450 ГОСТ 868-89 – 1 дана, индикаторлық нутромер НИ-100 ГОСТ 868-89 – 1 дана, металл конус 3-3056 1-3060,1 – 3 дана, металл конус 3-3056 1-3060,2 – 3 дана, металл конус 3-3056 1-3060,3 – 3 дана, бастапқы бағасы 1 090 775,85 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 163 617 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48-үй;

Лот №6 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: монометр МТ-0-10, МПТИ-У3 – 13 дана, монометр МТ-0-10, МПУ2 – 10 дана, монометр МТ-0-10, оттекті.250 – 9 дана, термометр ТЛІ-2 №2 0 ден +250 дейін 25-2021.003-88 – 16 дана, термометр ТН-4 2М 0 ден 150 дейін – 3 дана, термометр манометр.ТКП 160 Ср – 3 дана, бастапқы бағасы 758 271,36 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 113 741 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

Лот №7 Өрт сөндіргіш ОУ-5 – 93 дана, бастапқы бағасы 1 163 273,63 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 174 492 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Құсмұрын кенті, Карл Маркс көшесі, 48 үй;

Лот №9 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: конустық сапты спиральді бұрғы 16,5 мм – 10 дана, тақташа 16370 ВК8 – 140 дана, үшжұдырықты бұрғымалы патрон, ПС-16 – 2 дана, конустық сапты спиральді бұрғы 10,2мм – 3 дана, бұранда кескіш М22 – 2 дана, бұранда кескіш М

30 – 1 дана, гайкалы кілттер өлшемдері 46х50 мм – 1 дана, штангенциркуль ПШ-111 ММ – 1 дана, таңба 27 – 13 дана, манометр МП3-Уф 0-10 кгс/см2 – 6 дана, бастапқы бағасы 557 961,60 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 83 695 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

Лот №10 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: перфоратор – 1 дана, конустық сапты спиральді бұрғы 6,0 мм – 2 дана, конустық сапты цилиндрлі бұрғы 3 мм – 7 дана, шығыршық 1/4 дюймді – 1 дана, шығыршық 3/4 дюймді – 1 дана, гайкалы кілттер өлшемдері 36х41мм – 1 дана, кеспелі дөңгелек 41 230х2х22 14А 80Н 41-43 ВF М 80м/с – 17 дана, сақтандыргыш ПН-2 100 80А – 18 дана, сақтандыргыш ПН-2 100 80А – 7 дана, бастапқы бағасы 219 278,15 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 32 892 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

Лот №11 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: конустық сапты цилиндрлі бұрғы 0,9 мм – 9 дана, бұранойғыш қолды метрлік 12,0Х1,75 – 2 дана, бұранойғыш 10*1.25 – 20 дана, бұранойғыш d=30х3,5 мм. – 5 дана, бұранда кескіш домалақ метрлік бұрандамен 16Х2 – 50 дана, бұранда кескіш 12*1.75 – 31 дана, бұранда кескіш М10Х1.5 – 10 дана, бұранда кескіш ¾ – 5 дана, бастапқы бағасы 174 666,24 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 26 200 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

Лот №12 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: бұранда кескіш М 20 – 27 дана, бұранда кескіш диаметрі 1 – 5 дана, бұранда кескіш 2654-2654-0173а 1 1/4" дюйм – 5 дана, бұранда кескіш 2654-0163 6г – 8 дана, бұранда кескіш 2650-2033 6г – 21 дана, бұранда кескіш 2650-2131 6г – 18 дана, бұранда кескіш 2650-2175 6г – 48 дана, бұранда кескіш 2650-2347 6г – 6 дана, мүйізді гайкалы кілт 30*32 – 7 дана, бастапқы бағасы 363 560,96 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 54 535 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

Лот №13 Өтімді емес тауар-материалдық қорлар, соның ішінде: индикаторлы нутромер НИ-450 – 1 дана, асинхронды электроқозғалтқышы АИ 2,2*1500 айн/мин 220-380В – 1 дана, асинхронды электроқозғалтқыш 7,5Х1500 ОВ/М – 1 дана, бастапқы бағасы 219 508,80 теңге, ҚҚС-мен, кепілдік жарнасы 32 927 теңге, ҚҚС-мен, орналасқан жері: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Вокзальная көшесі 2/5;

